

**ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ БИЗНЕС ЖОҒАРЫ МЕКТЕБІ
БИЗНЕС-ТЕХНОЛОГИЯЛАР КАФЕДРАСЫ**

Семинар сабағын жүргізуге арналған жалпы сипаттама

Семинар мақсаты – теориялық білімін нығайту, тәжірибелік тапсырмаларды орындау барысында теорияларды қолдана алуы және т.б. Пәнмен танысқаннан кейін студенттің өз ойын ашық жеткізе алуы, логикалық ойлауын дамытуы, нақты әрі алғыр түрде туындаған сұрақтардың жауабын ашып бере алулары керек.

Семинар сабағы өткен тақырыптар бойынша жүргізіледі. Төменде семинар сабағын жүргізу құрылымы беріледі: негізгі сұрақтарға жауап, тапсырмаларды орындау, мәселелерді шешу, нәтижелерді талқылау, қорытынды жасау.

«Логистика» пәні бойынша семинар сабағының мазмұны

ТАҚЫРЫП 1. ЛОГИСТИКА ТҮСІНІГІНІҢ МӘНІ ЖӘНЕ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Семинарда қарастыратын негізгі сұрақтар:

1. Логистиканың даму тарихы және даму эволюциясы
2. Логистика түсінігінің анықтамасы
3. Логистиканы пайдаланудың экономикалық әсері
4. Логистиканың функционалдық салаларының сипаты
5. Логистика мен маркетингтің байланысы
6. Логистиканың қағидалары

1-тапсырма. Логистиканың әрбір даму кезеңінің мақсаттары мен міндеттерін кестелік түрде сипаттаңыз (Кесте 1.1). Әрбір кезеңде қандай түбегейлі өзгерістер болды? Негізгі басымдықтар қандай?

Кесте 1.1 – Логистиканың даму кезеңдері, олардың мақсаттары мен міндеттері

Логистиканың даму кезеңдері	Мақсаты	Міндеттері
Бірінші кезең		
Екінші кезең		
Үшінші кезең		

2-тапсырма. Тапсырма тест түрінде жүргізіледі. Берілген сұраққа анықтамалық материалдарға сүйене отырып, дұрыс жауабын табуды қажет ететін жауаптардың 15 нұсқасы келтіріледі.

Сұрақ. Логистиканың қызметтерін атап көрсетіңіз?

1 сұрақ бойынша жауаптар нұсқасы

1. Тароны таңдау.
2. Жеткізілетін тауарлар партиясының оңтайлы мөлшерін анықтау.
3. Тауарлар мен қызметтерді өндіру туралы жағымды қоғамдық пікірді қалыптастыру.
4. Қорларды басқару.
5. Тасымалдау қызметтеріне бағаны белгілеу.
6. Өнімді өндірудің технологиялық үрдістерін басқару.
7. Ресурстарды жеткізу шарттарын таңдау.
8. Жарнама.
9. Жабдықтаушыларды таңдау.

10. Қоймалау мен сақтауды ұйымдастыру.
11. Фирманың өнімі сұранысының төлемқабілеттілігін болжау.
12. Ішкі және сыртқы материалдық ағымдарды басқару.
13. Кәсіпорынның қаржылық ресурстарын басқару.
14. Рынокты зерттеу.
15. Көлік түрін таңдау.

1 сұрақтың жауабын табу үшін қажетті анықтамалық материалдар

Логистика – бұл шикізатты сатып алу орнынан соңғы тұтыну орнына дейін материалды және сонымен байланысты ақпараттық ағымдардың қозғалысын қамтамасыз ететін, тасымалдау және қоймалау бойынша барлық қызметтерді жоспарлау, ұйымдастыру және бақылау.

Логистика - өнімге қажеттілік туған жерде, алдын ала бекітілген орында, бекітілген уақытта қажетті өнім көлемін алуға бағытталған түрлі қызмет түрлерінің жиынтығы туралы ғылым.

Логистика – шығындар тұрғысынан тиімді және үнемді материалдарды, жартылай фабрикаттарды және дайын өнімдерді сақтау және тасымалдау операцияларын, сондай-ақ солармен байланысты клиенттердің талаптарына сәйкес, өндіріс орнынан тұтыну орнына тауарларды жеткізу жөніндегі ақпараттарды жоспарлау, жүзеге асыру және бақылау туралы ғылым.

Логистика қызметі келесі міндеттерді шешеді:

1. қорларды жоспарлау;
2. көлік құралын басқару және тасымалдауларды жүзеге асыру;
3. қоймалау шаруашылығын ұйымдастыру;
4. тапсырыстарды орындау;
5. аймақтық қоймаларда қоймалау операцияларын ұйымдастыру;
6. логистика саласын зерттеу;
7. логистикалық жүйелерді жетілдіру;
8. жабдықтау үрдісін ұйымдастыру;
9. шаруашылық байланыстарды орнату;
10. ақпараттық ағымдарды басқару және т.б.

3-тапсырма. Тапсырма тест түрінде жүргізіледі. Берілген сұрақтарға анықтамалық материалдарға сүйене отырып, дұрыс жауабын табуды қажет ететін жауаптардың 15 нұсқасы келтіріледі.

Сұрақ 1. Фирманың логистикалық бөлімі қандай өндірістік мәселелермен айналысады?

Сұрақ 2. Фирма басшысы логистика бөлімінің жұмысына қалай көмектеседі?

Сұрақ 3. «Жеңіл орындалатын бизнес» ретінде логистика бөлімі қандай пайда алып келеді?

1, 2 және 3 сұрақтар бойынша жауаптар нұсқасы

1. Фирма басшысы логистика бөлімінің екі қызметкерін арнайы курстарға жіберді.
2. Қаржы директоры тасымалдау есептерін шешу үшін арнайы компьютерлік бағдарламалар сатып алу үшін ақша бөлді.
3. Аймақтағы жалғыз фирма 80 т. дейін салмақтағы жүктерді тасымалдау тапсырыстарын орындайды.
4. Фирма көктем күз айларында клиенттеріне тауарларды арнайы тікұшақтармен жеткізеді.

5. Қойма қорларының оңтайлы деңгейін компьютермен есептеу әдістемесін жасау.
6. Цех басшысының жалақысы дайын өнімді сату көлеміне қарай анықталады.
7. Фирманың клиенттері мен жабдықтаушылары туралы компьютерлік база жасалды.
8. Фирманың жаңа тауарлары мен қызметтеріне арналған тартымды жарнамалық буклет басылып шығарылды.
9. Фирма өз тапсырысының 95 пайызын 2-3 ай бұрын электронды пошта арқылы алды.
10. Қоймаға диспетчерлер мен тиеу және түсіру постары арасындағы байланыс жүйесі енгізілді.
11. Фирма логистика мамандығы бойынша бітірген үш түлекті жұмысқа шақырады.
12. Жылдық сыйақының 7 пайызы материалдық-техникамен қамтамасыз ету және өткізу бөлімдеріне берілді.
13. Газ болмаған жағдайда зауыт автоматты түрде мазутпен жылытуға көшеді.
14. Осы жылдың 3 кварталында 1500 т ұн нан зауытына жеткізу туралы келісімшарт жасалды.
15. Екі станок бұзылып қалса, онда тапсырыс резервті құрал-жабдықпен мерзімінде орындалады.

1,2 және 3 сұрақтардың жауаптарын табу үшін қажетті анықтамалық материалдар

Логистика бөлімінің атқаратын негізгі қызметтері 1 сұрақтың жауабын табу үшін қажетті анықтамалық материалда көрсетілген.

Логистика бөлімінің жұмыс сапасын бағалау «Жеңіл орындалатын бизнес» терминімен көрсетілген, яғни оны төмендегілерді көрсетеді:

1. Фирма ақпаратпен алмасудың көп уақыт талап етпейтін электронды жүйе көмегімен тапсырыстарды алады.
2. Фирманың қорлары, мүмкіншіліктері дәл жоспарланған мерзімде тұтынушылардың талаптарына сай өнімдерді жеткізумен айналысады.
3. Қажетті ресурстар болмаған жағдайда баламалы жабдықтау нұсқалары қарастырады.
4. Нарыққа терең ену.
5. Айрықша нарық ұясын құру.
6. Тұтынушыға бірнеше айырықша қызметтерді ұсыну.

4-тапсырма. Тапсырма тест түрінде жүргізіледі. Берілген сұрақтарға анықтамалық материалдарға сүйене отырып, дұрыс жауабын табуды қажет ететін жауаптардың 15 нұсқасы келтіріледі.

Сұрақ 1. Өндірістік логистикаға қандай жағдайлар мен операциялар жатады?

Сұрақ 2. Тасымалдау логистикасына қандай жағдайлар мен операциялар жатады?

Сұрақ 3. Логистикадағы қоймалауға қандай жағдайлар мен операциялар жатады?

Сұрақ 4. Тарату (бөлу) логистикасына қандай жағдайлар мен операциялар жатады?

1, 2, 3, 4 сұрақтар бойынша жауаптар нұсқасы

1. Ұзақ қашықтыққа жүкті су көлігімен жеткізу арзанға түседі.
2. Өндірістегі материалдық ағымдарды басқарудың тартушы жүйеде итеруші жүйемен салыстырғанда материалдық қорларды 6-7 есе аз болады.
3. Автомобиль көлігі жүктерді аймақтың кез келген орнына жеткізуге мүмкіндік береді.
4. Құбыр көлігі барлық көлік құралдарымен салыстырғанда ең сенімдісі болып табылады.

5. Аймақта тарату орталықтарын дұрыс орналастыру қоймалау және тасымалдау шығындарын төмендетеді.
6. Қорлардың айналымдылығы тез болған сайын, тауарларды сақтау шығындары соқұрылым төмен болады.
7. Сауда-делдалдық фирма тауардың өзіндік құнына 40 пайыз қосып сатады.
8. Сауда фирмасы қойма салғаннан көрі қажетті қойма орнын жалға алғанды дұрыс деп санайды.
9. Тасымалдау құны жүктің салмағы мен жеткізу қашықтығына байланысты .
10. Фирма саналы түрде өндірістік қуатты тек 70 пайыз ғана қолданады.
11. Тасымалдау құралының ең қымбаты әуе тасымалы болып табылады.
12. Фирманың тұрақты жұмысшыларының саны – 200 адам, ал уақытша жұмысшылар саны – 500 адам.
13. Көтерме сауда базасы аймақтың барлық дүкендеріне қызмет көрсетеді.
14. Стандарт бойынша жасалған тара қойма көлемін рационалды қолдануға мүмкіндік береді.
15. Фирма тек тапсырысы бар өнімдерді ғана өндіруге ауысты.

1, 2, 3, 4 сұрақтардың жауаптарын табу үшін қажетті анықтамалық материалдар

Сатып алу логистикасы – бұл кәсіпорынды материалдық ресурстармен қамтамасыз ету үрдісіндегі материалдық ағымдарды басқару.

Өндірістік логистика тек өндіріс үрдісімен байланысты.

Тарату логистикасы – материалдық ағымның түрлі көтерме сатып алушылары арасында бөлу үдерісінде жүзеге асатын өзара байланысты функциялар кешені.

Тасымалдау логистикасы материалдық ресурстардың тасымалдануымен және орын ауыстырумен, көлік құралдарын таңдаумен, тиімді маршруттарды құру және таңдаумен айналысады.

Тарату логистикасының міндеттері:

- Дайын өнімді тұтынушыға дейін жеткізу үдерісін басқару.
- Аймақтағы тарату орталықтарын (қойма) орналастыру.

Логистикадағы тарату – осы үдерісінің физикалық, сезілетін, заттай құрамы. Меншік құқығын таратумен байланысты заңдылықтарға бұл жерде, әрине, көңіл бөлінеді, дегенмен олар зерттеу мен оңтайландырудың негізгі пәні болмайды. Тарату логистикасындағы негізгі зерттеу пәні қолда бар материал қорларының физикалық бөлу үдерісін рационализациялау болып табылады. Өнімді қалай орау керек, қай маршрутпен жіберу керек, қойма торлары қажет пе (егер қажет болса, онда қандай?), делдалдар қажет пе – бұлар тарату логистикасының айналысатын мәселелері.

Өндірістік логистикадағы материалдық ағымдарды басқарудың «итеруші» жүйесі өндірістік учаскіге келіп түсетін еңбек заттарына алдындағы технологиялық буындардан тікелей тапсырыс алынбайды. Материалдық ағымды алушыға өндірісті басқарудың орталық жүйесінен келіп түскен бұйрық бойынша келесі буындарға «итеріліп» отырады. Басқару жүйесі барлық учаскелердің жұмыстарын тікелей бақылап, басқарып отырады.

Өндірістік логистикадағы материалдық ағымдарды басқарудың «тартушы» жүйесі басқарудың орталық жүйесі кәсіпорынның түрлі учаскелері арасындағы материалдық ағымның алмасуына араласпайды және оларға ағымдық өндірістік тапсырмаларды белгілемейді. Әрбір технологиялық буындардың өндірістік бағдарламасы келесі буынның тапсырыс мөлшерімен анықталады. Басқарудың орталық жүйесі тек өндірістік технологиялық тізбектің соңғы буыны алдына мақсат қояды.

5-тапсырма. Маркетинг пен логистика арасындағы ең маңызды ерекшеліктерді кестелік түрде сипаттаңыз (Кесте 1.2).

Кесте 1.2 – Маркетинг және логистика саласындағы зерттеу объектілері мен пәнінің салыстырмалы сипаты

	Маркетинг	Логистика
Зерттеу объектісі		
Зерттеу пәні		
Зерттеу әдістері		
Қорытынды нәтижелер		

ТАҚЫРЫП 2. ЛОГИСТИКАҒА ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ БАҒЫТ

Семинарда қарастыратын негізгі сұрақтар:

1. Логистиканың тұжырымдамалары
2. Логистикалық жүйе түсінігі
3. Логистикалық жүйелердің түрлері

1-тапсырма. Тапсырма тест түрінде жүргізіледі. Берілген сұраққа анықтамалық материалдарға сүйене отырып, дұрыс жауабын табуды қажет ететін жауаптардың 15 нұсқасы келтіріледі.

Сұрақ 1. Қандай жағдайлар, операциялар немесе материалдық ағымдар микрологистикаға жатады?

Сұрақ 2. Қандай жағдайлар, операциялар немесе материалдық ағымдар макрологистикаға жатады?

1 және 2 сұрақтар бойынша жауаптар нұсқасы

1. Көтерме сауда базасының қоймасы арқылы жылына 10 500 т жүк өтеді.
2. Ғаламдық логистикалық стратегия елдер арасындағы сауда-экономикалық байланыстарды көрсетеді.
3. Теледидар аптасына 3 сағат бизнесмендерді Аэрофлот ұшақтарымен ұшуға көндіруде.
4. Таяу Батысқа жүктер алғашқысында өзен, кейіннен теңіз көлік құралымен жеткізіледі.
5. Жыл сайын Қазақстанның транспорт кешенінің жүк айналымы 10 млрд. т. құрап отыр.
6. Қойма жүк айналымы (т/жыл) 15 есе орта қордан (т) жоғары.
7. Жарнама шығынының 1 пайызға жоғарылауы 1400 дана/ай фирма өнімінің сатылуын жоғарылатады.
8. Фирма өз өнімдерін жаңартып, жылына 6700 комплектіге ұсынымды жоғарылатты.
9. Қойма тауар айналымы жылына 7500 тоңазытқашты құрады.
10. 28 жабдықтаушы 4 тұтынушыларды жалпы шығындары аз болатындай етіп қызмет көрсетеді.
11. Нарықты зерттеу көрсеткендей, фирма өз тауарына сұранысты 17 пайызға жоғарылата алатын анықтады.
12. Еуропалық қауымдастық елдері біртұтас ішкі нарық құруда.
13. Цех ішіндегі тасымалдау-қоймалау логистикасы цехты жүйе ретінде қарастырады.
14. Жапониядан АҚШ-қа жабдықтау ықтималдылығы басқа жабдықтаушылармен салыстырғанда үш есе орташа деңгейден төмен екенін көрсетті.
15. Shell Концерні (АҚШ) мұнаймен айналысады - әлем бойынша мұнайды өндіруден автозаправка бекеттерінде жанармайды сатуға дейін.

1 және 2 сұрақтардың жауаптарын табу үшін қажетті анықтамалық материалдар

Материалдық ағымдар шикізаттың алғашқы көзінен бастап соңғы тұтынуға дейін шикізаттарды, жартылай фабрикаттарды және дайын өнімдерді тасымалдау, қоймалау және тағы да басқа материалдық операцияларды жүргізу нәтижесінде пайда болады.

Материалдық ағым өлшемі бөлшек түрінде беріледі, оның аламында жүктің өлшем бірлігі көрсетіледі (дана, тонна, кг, және т.б.), ал бөлімінде уақыт өлшем бірлігі (тәулік, апта, күн, жыл, ай). Мысалы, материалдық ағым өлшемі – тонна/жыл.

Кейбір логистикалық операцияларды жүргізуде материалдық ағым берілген уақыт аралығында қарастырылуы мүмкін. Ондайда материалдық ағым қорға айналады. (Мысалы, жүкті тасымалдау операциясы темір жол көлігімен жүруі мүмкін. Осы жағдайда темір жол көлігіне салған жүктер жолда материалдық қор болып табылады, яғни «жолдағы қор» болып есептелінеді).

Логистикалық жүйенің түсінігі логистиканың негізгі түсініктерінің бірі болып табылады. Экономикалық механизмнің қызмет етуін қамтамасыз ететін түрлі жүйелер бар.

Логистикалық жүйе түсінігі жалпы жүйе түсінігіне қатысты жеке болып табылады. Сондықтан да, ең алдымен, жалпы жүйе түсінігіне анықтама беріп, содан кейін қандай жүйелер тобы логистикаға жататынын анықтаймыз.

Логистикалық жүйелер, жоғарыда айтып кеткендей, макро- және микрологистикалық болып бөлінеді.

Макрологистикалық жүйе – елдің түрлі аймақтарында немесе түрлі елдерде орналасқан, түрлі ведомстволардың өнеркәсіптік, делдалдық, сауда және тасымалдау ұйымдары мен кәсіпорындарды қамтитын материалды ағымдарды басқаратын ірі жүйе. Макрологистикалық жүйе аймақ, елдердің немесе елдер тобының экономикасының белгілі бір инфрақұрылымын білдіреді.

Түрлі елдерді қамтитын макрологистикалық жүйенің қалыптасуы кезінде халықаралық экономикалық қатынастардың құқықтық және экономикалық ерекшеліктерімен байланысты, елдердің көлік заңдылықтарының ерекшеліктерімен байланысты қиындықтарды және, сондай-ақ басқа кедергілерді төзу қажет. Мемлекетаралық бағдарламалардағы макрологистикалық жүйелердің қалыптасуы біртұтас экономикалық кеңістіктің құрылуын, ішкі шекараларсыз тауарларды, капиталдарды, ақпараттарды, еңбек ресурстарын тасымалдаудағы кедендік кедергілерсіз ортақ нарықтың құрылуын талап етеді.


Микрологистикалық жүйелер, макрологистикалық жүйелердің құрылымдық құрамдасы, бөлімі болып табылады. Оларға түрлі өндірістік және сауда кәсіпорындары, территориялық-өндірістік кешендер жатады. Микрологистикалық жүйелер өндірісішілік логистикалық жүйелер класына жатады, олардың құрамына біртұтас инфрақұрылыммен біріккен, технологиялық байланысқан өндірістер кіреді.

ТАҚЫРЫП 3. МАТЕРИАЛДЫ АҒЫМДАР ЖӘНЕ ЛОГИСТИКАЛЫҚ ОПЕРАЦИЯЛАР

Семинарда қарастыратын негізгі сұрақтар:

1. Материалды ағым түсінігі және оның түрлері
2. Логистикалық операциялар және оның түрлері

1-тапсырма. Тапсырма сызба түрінде беріледі. Әр студент әрбір топтастыру белгісіне сәйкес материалдық ағым түрлерін толтыруы қажет.



2-тапсырма. Логистикалық операциялар түрлерінің ерекшеліктерін кестелік түрде сипаттаңыз (Кесте 3.1).

Кесте 3.1 – Логистикалық операциялар түрлері

Логистикалық операциялар	Ерекшеліктері

ТАҚЫРЫП 4. САТЫП АЛУ ЛОГИСТИКАСЫ

Семинарда қарастыратын негізгі сұрақтар:

1. Сатып алу логистикасының мәні
2. Сатып алу логистикасының міндеттері
3. Жабдықтаушыны таңдау мәселелері
4. Сатып алу логистикасындағы «дәл мерзімде» жеткізу жүйесі (ДМ жүйесі)

Есеп № 1

А, Б, С және Д жабдықтаушыларды бағалау үшін келесі критерийлер қолданылды: баға кварталында (0,3), жабдықтау сенімділігі (0,5), сапа (0,4), төлеу шарттары (0,4). Жақшада критерийлердің үлес (таза) салмағы көрсетілген. Жоғарыда көрсетілген критерийлер бойынша жабдықтаушыларды бағалау мына кестеде көрсетілген:

Таңдау критерийлері	Берілген критерийлер бойынша жабдықтаушыларды бағалау			
	А	Б	В	Д
Баға	4	4	6	5
Жабдықтау сенімділігі	5	8	2	3
Сапа	5	4	3	5
Төлем шарттары	7	2	9	8

Тапсырма: 4 жабдықтаушының ішінен ең оңтайлысын анықтау

Есеп № 2

Берілген 4 дәрі-дәрмек жабдықтаушыларының ең тиімдісін таңдау

Таңдау критерийлері	Критерийлердің үлес салмағы	Жабдықтаушылар			
		№1	№2	№3	№4
Баға	0,25	6	3	7	3
Жабдықтау сенімділігі	0,20	7	9	9	9
Емдік қасиеттері	0,20	10	9	6	9
Сапа	0,30	9	5	7	9
Қаржылық жағдайы	0,05	7	10	8	6

Тапсырма: 4 жабдықтаушының ішінен ең оңтайлысын анықтау

Есеп №3

Берілген ұялы байланыс компанияларының ең тиімдісін анықтау

Таңдау критерийлері	Критерийлердің үлес салмағы	Критерийлерді бағалау		
		K'mobile	Activ	K'cell
Баға	0,5	4	8	8
Қызмет сапасы	0,30	8	7	8
Қаржылық жағдайы	0,25	7	8	7
Қосымша қызметтер	0,75	9	7	7
Қамту кеңдігі	0,10	8	0	9

Тапсырма: 3 жабдықтаушының ішінен ең оңтайлысын анықтау

Есеп № 4

Жабдықтаушы 30 тонна жүкті тиеді, вагонның жүк көтерімділігі 60 тонна.

Тапсырма: Вагонды пайдалану коэффициентік табыңыз.

Есеп №5

Машина жасайтын зауыт жинақтау цехы үшін гайкасымен болтты сатып алады, жылдық қажеттілік жылына 50 мың дананы құрайды. Қазіргі кезде төменде келтірілген кестеге сай екі жабдықтаушылардан ұсыныс түсіп отыр.

Жабдықтаушы А		Жабдықтаушы В	
Саны	Бір данасы үшін бағасы, тенге	Саны	Бір данасы үшін бағасы, тенге
5000 дейін	5	9999 дейін	4.8
5000 - 19999	4.6	10 000 - 29 999	4.5

20 000-нан	4.4	30 000-нан	4.3
------------	-----	------------	-----

Зауыт үшін сақтау құнын жылдық сақтау бірлігі құнының 38% бағалауға болады. Бір тапсырысты рәсімдеу құны – 1000 тенге. Берілген болттар үшін сұраныс бір жыл ішінде бірдей.

Тапсырма:

1. Әр жабдықтаушының жеңілдіктері есебінен оптималды тапсырыс көлемін анықтаңыз.
2. Қай жабдықтаушыны таңдау қажет?

ТАҚЫРЫП 5. ӨНДІРІСТІК ЛОГИСТИКА

Семинарда қарастыратын негізгі сұрақтар:

1. Өндірістік логистика түсінігі
2. Өндірісті ұйымдастырудың дәстүрлі және логистикалық тұжырымдамалары
3. Өндірістік логистикадағы материалдық ағымдарды басқарудың «итеруші» және «тартушы» жүйелері
4. Өндірістегі материалдық ағымдарды басқаруда логистикалық тәсілді қолдану тиімділігі

1-тапсырма. Өндірісті ұйымдастырудың дәстүрлі және логистикалық тұжырымдамаларын салыстырмалы талдау.

2-тапсырма. Өндірісішілік логистикалық жүйелер шеңберіндегі материалдық ағымдарды басқарудың «тартушы» және «итеруші» жүйелерінің сызбасын нақты мысалда келтіру.

ТАҚЫРЫП 6. ТАРАТУ ЛОГИСТИКАСЫ

Семинарда қарастыратын негізгі сұрақтар:

1. Тарату логистикасы түсінігі және оның міндеттері
2. Тарату арналары және тарату торлары
3. Тарату логистикасындағы делдалдардың қызметтері

1-тапсырма. Тарату логистикасының дәстүрлі өткізу мен сатудан айырмашылығын сипаттаңыз.

2-тапсырма. Төменде берілген глоссарийлардың анықтамаларына конспект жасау.


Тарату, тарату логистикасы, тарату арнасы, тарату торы, кастомизация, агенттер, брокерлер, көтермешілер, ритейлерлер, джобберлер

ТАҚЫРЫП 7,8. ТАСЫМАЛДАУ ЛОГИСТИКАСЫ

Семинарда қарастыратын негізгі сұрақтар:

1. Тасымалдау логистикасының мәні мен мәселелері
2. Көлік құралының түрін таңдау
3. Қолмен есептеу кезіндегі тиімді маршруттар құру әдістемесі
4. Көлік тарифтері мен оларды қолдану ережелері

Есеп №8




А – банк

Б, Г, В, Е, Д, Ж – РКО

Оптималды жеткізу маршрутын анықтаңыз?

Есеп №9



В – кәсіпорын қоймасы

А, Д, Г, Е, Б, Ж – дүкендер

Оптималды жеткізу маршрутын анықтаңыз?

1-тапсырма. Төменде берілген глоссарийлардың анықтамаларына конспект жасау.

Тасымалдау, тасымалдау логистикасы, көлік коридорлары, көлік торлары, көлік тарифтері, экспедитор, аралас тасымал, интермодальдық тасымал.

2-тапсырма. ҚР заңнамасына сәйкес көліктік экспедицияның келісімшартын толтырып келу.

ТАҚЫРЫП 9. АҚПАРАТТЫҚ ЛОГИСТИКАСЫ

Семинарда қарастыратын негізгі сұрақтар:

1. Логистикадағы ақпараттық ағымдар және оның түрлері

2. Логистикадағы ақпараттық жүйелер
3. Логистикадағы ақпараттық технологиялар
4. Логистикадағы штрих кодтарды сканерлеуді қолдану
5. Қазақстандағы штрих кодтаудың құқықтық негіздері
6. Логистикадағы қаржылық ағымдар

1-тапсырма. Төменде берілген глоссарийлардың анықтамаларына конспект жасау.

Ақпараттық ағым, ақпараттық логистика, ақпараттық дайындық, логистикадағы ақпараттық жүйе, логистикадағы ақпараттық технологиялар, штрих код, логистикалық қаржылық ағым

2-тапсырма. Нақты 5 өнімнің штрих кодын талдау. Тауардың шығарылған елін және штрих-кодтардың түпнұсқалығын анықтау.

ТАҚЫРЫП 10. ЛОГИСТИКАДАҒЫ ҚОРЛАР

Семинарда қарастыратын негізгі сұрақтар:

1. Материалдық қорлар түсінігі
2. Материалды қорлардың түрлері
3. Қорлар жағдайын бақылау жүйесінің жалпы сипаты
4. Қорлар жағдайын бақылаудың негізгі жүйелерінің параметрлері
5. Қор көлемін анықтау
6. Қорларды нормалау

1-тапсырма. Төменде берілген глоссарийлардың анықтамаларына конспект жасау.

Материалдық қор, өндірістік қорлар, тауарлы қорлар, жабдықтаудағы қорлар, өткізетін (тауарлы) қорлар, қоймалық қорлар, көліктік қорлар, ағымдағы қор, сақтандыру немесе кепілдемелі қор, дайындық қоры, мерзімді қор, спекулятивті қорлар, ескірген (жұмсалмайтын) қорлар

Есеп №1

Өнім бірлігін жеткізуге кететін шығындар – 25 тенге. Жылдық тұтынуға кететін шығындар - 2543 бірлік. Жылдық өнімді сақтауға кететін шығындар-0,23 тенге. Жылдық өндіру - 2700 бірлік. Дефицитке байланысты шығындар –0,2 тенге.

Есептеу керек: сатып алатын партия мөлшері және дефицитке байланысты оңтайлы партия мөлшерін анықтаңыз.

Есеп №2

Резервті қор көлемі – 6 тонна, орташа күтілетін сату –100 кг/тәулік Тапсырысты жеткізу уақыты - 3 тәулік, тексеріс арасындағы уақыт ұзақтығы - 9 тәулік.

Есептеу керек: қордың минималды деңгейі, дефициттен сақтауды қамтамасыз ету кезіндегі орта және оптималды қор деңгейін анықтаңыз.

Есеп №3

Өнім бірлігін жеткізуге кететін шығын –125 теңге. Жылдық тұтыну - 2743 бірлік. Өнімді жылдық сақтауға кететін шығын – 0,33 теңге. Жылдық өндіру - 2600 бірлік. Дефицитке байланысты шығындар - 0,24 теңге.

Есептеу керек: соңғы интервалдан кейін қорды толтыру кезінде тапсырысқа берілген партияның оптималды мөлшерін, дефицитке байланысты оптималды партия мөлшері, және дефицит болған кезде максималды оң партияны анықтаңыз.

Есеп №4

Жылдық сұраныс –2300 бірлік

Өнімді жеткізуге байланысты шығындар - 24 теңге

Өнім бірлігінің бағасы - 205 теңге

Өнім бірлігінің 25 %-ті сақтау шығындары.

Табу керек: Жабдықтауда оптималды партия мөлшерін анықтаңыз.

Есеп №5

Егер жылдық тұтыну – 9500 дана, жабдықтауға кеткен шығын - 15 тг болса, көтерме сауда кезіндегі партияның оңтайлы өлшемін анықтау керек. Баға мен шығындар құрылымы келесі кестеде көрсетілген

Түсірілген партияның өлшемі, дана	Баға, теңге	Қорды сақтау шығыны, тг
0-3000	320	0,50
3001-6000	310	0,45
6001-9000	300	0,40
9001 және одан көп	290	0,35

ТАҚЫРЫП 11. ҚОЙМАЛАУ, ЖҮК ӨНДЕУ ЖӘНЕ ОРАУ

Семинарда қарастыратын негізгі сұрақтар:

1. Логистикадағы қоймалау
2. Қоймалардың функциялары
3. Қызмет көрсету орнындағы қоймалардың оңтайлы санын анықтау
4. Жүк өңдеу
5. Тара мен ораудың рөлі
6. Қоймалардағы технологиялық үрдістерді ұйымдастыру қағидалары

1-тапсырма. Төменде берілген глоссарийлардың анықтамаларына конспект жасау.

Қоймалар, жүк өңдеу, жүк бірлігі, орам, тара, паллет, контейнер, пакеттеу, үрдістің пропорционалдығы, параллельдік, қойма үрдісінің ырғақтығы, үзіліссіздік, ағымдылық

2-тапсырма. «ДАМУ» индустриалдық-логистикалық орталық мысалында Қазақстандағы қоймалық логистиканың дамуын қарастыру.

ТАҚЫРЫП 12. ЛОГИСТИКАЛЫҚ СЕРВИС

Семинарда қарастыратын негізгі сұрақтар:

1. Логистикалық сервис жүйесі және түсінігі
2. Логистикалық сервис деңгейі
3. Логистикалық сервис деңгейінің оңтайлы көлемін анықтау

1-тапсырма. Төменде берілген глоссарийлардың анықтамаларына конспект жасау.

Логистикалық сервис, сатудан кейінгі қызметтер, логистикалық сервис деңгейі, жеткізу сенімділігі, жеткізу икемділігі, сервис субъектісі

ТАҚЫРЫП 13. ЛОГИСТИКАЛЫҚ ӘКІМШІЛІК

Семинарда қарастыратын негізгі сұрақтар:

1. Логистикалық менеджменттің ұйымдық аспектілері
2. Логистикалық талдау
3. Логистикалық стратегиялық жоспарлау

1-тапсырма. Төменде берілген глоссарийлардың анықтамаларына конспект жасау.

Логистикалық менеджмент, талдау, логистикалық талдау, логистикалық стратегия, фрагменттеу, функционалды біріктіру, үрдістік интеграция, менеджер, супервайзер, талдаушы

2-тапсырма. Батыс фирмаларындағы логистикалық менеджмент құрамы мен функцияларын кестелік түрде сипаттаңыз

ТАҚЫРЫП 14,15. НЕГІЗГІ МИКРОЛОГИСТИКАЛЫҚ КОНЦЕПЦИЯЛАР МЕН ЖҮЙЕЛЕР

Семинарда қарастыратын негізгі сұрақтар:

1. Логистика жүйесінің дамуындағы экономиканы ғаламдастырудың рөлі
2. Ғаламдық логистикадағы делдалдар
3. Американың, Еуропаның, Азияның жаһандық логистикалық жүйелері
4. Кедендік логистика

1-тапсырма. Төменде берілген глоссарийлардың анықтамаларына конспект жасау.

Интеграция, еркін сауда аумағы, кедендік одақ, монетарлық одақ, экономикалық одақ, ғаламдық логистика, кедендік логистика, кедендік режим, еркін айналым үшін тауарларды өндіру, тауарларды қайта импорттау, кедендік қойма

2-тапсырма. Интеграциялық бірлестіктердің түрлері және олардың белгілерін кестелік түрде сипаттаңыз

3-тапсырма. ҚР Кедендік Кодексінде бекітілген кедендік режим түрлерінің әрқайсысын талдап, ерекшеліктерін анықтау.

ҰСЫНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

Негізгі:

1. Бауэрсокс Дональд Дж., Клосс Дейвид Дж. Логистика: интегрированная цепь поставок / Пер. с англ. - М.: ЗАО "Олимп—Бизнес". 2009
2. Тулембаева А.Н., Бейжанова А.Т. Логистика. Оқу құралы. «Дәуір» баспасы, Алматы, 2011. - 292 бет
3. Кушиқбаев К.К., Мырзабекова К.А. Логистика негіздері / Алматы, Бастау, 2011. – 96с.
4. Миротин Л.Б., Ташбаев Ы.Э., Порошина О.Г. Эффективная логистика. – М.: Экзамен, 2009. – 160с.
5. Балгин Р. Интегральный инструмент бизнеса – логистика // Технологии управления . - №9. – 2003. – С.24-26.
6. Логистика пәні бойынша практикум. Экономика және бизнес ЖМ лабораториясы, 2011ж.
7. Под.ред. Миротина Л. П.. Транспортная логистика // М.: Экзамен, 2010.- 512с.
8. Гаджинский, А.М.
9. Логистика: Учеб. пособие / Адиль Мухтарович Гаджинский.- М.: Информ.-внедрен.центр "Маркетинг", 2013.- 228с.

Қосымша:

1. Концепция развития автодорожной отрасли РК до 2017 года. Астана, 2010
2. Концепция государственной транспортной политики РК на период до 2017 года . – Астана, 2012
3. Миротин Л. П.. Тышбаев Ы. и др Транспортная логистика: Учебное пособие. - М.: Брандес, 2006.

4. Неруш Ю. М. Логистика: Учебник для вузов. 2-е изд., перераб. и доп.- М.: ЮНИТИ: ДАНА, 2006
5. Новиков О. Л., Уваров С. А. Логистика: Учебное пособие. - СПб.: ИД "Бизнес-пресса", 2009.
6. Основы логистики: Учебное пособие / Под ред. Л. Б. Миротина и В.И. Сергеева. М.: Инфра • М, 2013.